

*Қазіргі қоғам мақсаты-
бәсекеге қабілетті маман
даярлау*

Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, **басшылық қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құлшырлылық қабілетіне** сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі.

Қазақстан соңғы үш жылда 4 мыңнан астам шетелдік ғылыми маман тартты. Бұл-Қазақстанда ғылым тұтқасын ұстаған, ағылшын тіліндегі мамандарға сұраныс жоғары екенін білдірді.





Сапалы білім беру – Қазақстан -2050 ұзақ мерзімдік даму стратегиясының маңызды алғы шарттарының бірі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бәсекеге қабілетті дамыған 50 елдің қатарына енді міндеттеді. Білім беру саласын дамыту-осы мақсатқа жетудің маңызды тетігі.

Елбасы ұсынған “100 нақты қадам” ұлт жоспары мен 5 институттық реформаны іске асыруда “Болашақ” стипендиясының маңызы зор. Өйткені алға қойған міндеттерді орындауда бірінші кезекте әлемнің үздік жоғары оқу орындарын бітірген жоғары білікті мамандар қажет. Себебі Елордада құрылатын жаңа қаржы орталығы мен EXPO-2017 халықаралық көрмесін өткізу халықаралық деңгейге сәйкес дайындалған кадрлардың болуын талап етеді.

